

FTAXP 06.01.11
ӘОЖ 331.103.

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-95-104>

Р.К. САБИРОВА,^{1*}

қауымдастырылған профессор, э.ғ.к.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

А.А. МУСАЕВА,¹

аға оқытушы, э.ғ.к.

e-mail: a.musayeva@asu.edu.kz

А.Р. ТАЖИДЕНОВА,¹

магистр, аға оқытушы.

e-mail: ainuna@mail.ru

¹«Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті» КеАҚ,

Қазақстан, Атырау қ.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСТАР ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Зерттеудің мақсаты - Қазақстандағы жастардың еңбек көші-қоны мәселелеріне талдау жасау. Мақалада жастардың басқа елдерге еңбек көші-қонының негізгі себептері анықталды, жастар еңбек нарығын жетілдіруде жастар еңбек көші-қоны мәселесі мемлекет назарынан тыс қалмауы керектігі негізделді. Зерттеудің аппараты көзі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері талдау барысында негізге алынды. Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелік және логикалық тәсілдер, талдау, дедукция, индукция әдістері қазақстандық еңбек нарығындағы жастар көші-қоны жағдайы туралы жалпы түсінікті қалыптастыру үшін қолданылды. Көші-қон категориясын, оның экономикалық мазмұнын қарастыру еңбек көші-қонының мәнін сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы зерттеу барысында алынған тұжырымдар жастар еңбек көші-қоны мәселесіне және оны шешуге қолданылады және еңбек нарығы экономикасының дамуына өз үлесін қосады. Қазақстандағы жастардың еңбек көші-қоны мәселелеріне талдау жасалды, жастардың басқа елдерге еңбек көші-қонының негізгі себептері анықталды, жастар еңбек нарығын жетілдіруде жастар еңбек көші-қоны мәселесін мемлекет тұрғысынан шешу керектігі ұсынылды.

Тірек сөздер: көші-қон, жастар, еңбек нарығы, көші-қоны түрлері, мемлекет, мәселе, экономика.

Кіріспе

Білікті және жоғары білікті адам ресурстарына деген бәсекенің күшеюі, жоғары білікті кадрлардың дамыған елдерге кетуі дамушы және дамыған елдердегі көші-қоны үдерістері аясында жаһандық трендке айналып отыр. Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың көші-қоны ұлттық экономикаға қауіп төндіруде. Көші-қондық ағындар және оларды реттеуші басқарушылық тетіктер ел экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуші маңызды тұжырымдама.

Елдегі тұрғындар мен еңбек ресурстарының көші-қон мәселесі мен олардың сәйкессіздігі объективті жағынан қарастырсақ көші-қон үдерісін мемлекет тарапынан реттеуді және көші-қонның мемлекеттік саясатын жүзеге асыруды талап етеді. Әлеуметтік-экономикалық мәселенің бірі ретіндегі халықтың көші-қоны халықтың аумақтық орын ауыстыру тұрғысынан да іргелі мәселе. Тұрғындар өздерінің тұрақты мекенжайын өзгерту, олай болса, жұмыс жасау аясын да өзгерту – аймақтағы қоғамның өзін-өзі ұйымдастырудағы маңызды шарты.

Зерттеудің мақсаты ретінде Қазақстандағы жастардың еңбек көші-қоны мәселелеріне талдау жасап, жастардың басқа елдерге еңбек көші-қонының негізгі себептері анықталды, жастар еңбек нарығын жетілдіруде жастар еңбек көші-қоны мәселесі мемлекет назарынан тыс қалмауы керектігін негіздеу алынды.

Негізгі ережелер

Әдебиеттерге шолу жасау арқасында 18–29 жас аралығындағы жастар жұмыссыздық деңгейі өткен ғасырдың екінші жарты жылдығында жоғарылағандығын анықтадық [1, 2, 3].

Мемлекет экономикасының дамуы үшін стратегиялық маңызы бар әлеуметтік-экономикалық маңызды үрдіс халықтың көші-қоны болып табылады. Өңірлік саясатты жасауда сол өңірдегі көші-қон үрдістеріне әсер ететін факторларды ескеру қажет. Осындай ықпал етуші факторларға еңбек нарығындағы жағдай, өңірдегі тұрмыс деңгейі, өмір сүру қауіпсіздігі деңгейі жатады. Өзінің тұрақты мекенжайынан көшкісі келетін адамның осындай қадамға баруына әсер ететін маңызды факторлар – еңбекке орналасудағы қиындықтар, өңірлердегі жалақы деңгейінің айырмашылығының болуы, мансаптық өсуге ұмтылу, басқа өңірлерде жоғары табыс табу мүмкіндігінің болуы, жоғары деңгейде өзін өзі көрсете алу мүмкіндігі.

Бірақатар шетелдік және қазақстандық ғылыми еңбектері зерттеліп, соңғы кезеңдегі интернет материалдарына сүйендік. Әдебиет көздерін таңдауда коронавирустың жастар көші қонына әсерінің салдары туралы сараптамалық пікірге сүйендік [4, 5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелік және логикалық тәсілдер, талдау, дедукция, индукция әдістері қазақстандық еңбек нарығындағы жастар көші-қоны жағдайы туралы жалпы түсінікті қалыптастыру үшін қолданылды. Сонымен қатар аналитикалық шолу жасау үшін, көші-қон жағдайының оң және теріс серпінін анықтауда экономикалық құбылыстарды салыстырмалы талдау әдістері, PEST-талдау қолданылды.

Бұл зерттеуде бізді еңбек көші-қонының экономикалық теориялары қызықтырады. Бірден айта кету керек, еңбек көші-қонының табиғатын түсіндірудің барлық экономикалық тәсілдері оны жұмыс күшін қайта бөлу тетігі ретінде қарастырады. Бұл теорияларда көші-қон қозғалысын тудыратын факторлар, сондай-ақ оның салдары әртүрлі. Көші-қон теорияларының кейбірін жастар үшін еңбек көші-қонының факторларын, механизмдері мен салдарын түсіндіру тұрғысынан қарастырдық [5, 6].

Зерттеудің ақпараттық көзі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері талдау барысында негізге алынды.

Нәтижелер

Көші-қон категориясын, оның экономикалық мазмұнын қарастыру еңбек көші-қонының мәнін сипаттауға мүмкіндік береді. Еңбек көші-қоны дегеніміз қандай да бір себептерден, оның ішінде экономикалық себептерге де байланысты халықтың бір бөлігі өздерінің елінен басқа бір елге көшуі не көшіп келуі және еңбек көші-қоны кіру-шығу түрінде болады немесе ақы төленетін қызметті жүзеге асыру мақсатында адамдардың ел шеңберінде, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерге орын ауыстыруы.

Еңбек көші-қонын басқа түрлерден (діни, мәдени, саяси және т.б.) ерекшелендіреді. Яғни, жұмыс күшінің көші-қоны – бұл еңбекке қабілетті халықтың қозғалысы ғана емес, экономикалық себептерге байланысты орын ауыстыру.

Қазақстан Республикасы (ҚР) 2000-шы жылдардан бері басқа елдерден – Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстаннан еңбек мигранттарын қабылдайтын өңірлік орталыққа айналды. Бұл Орталық Азия елдері мен Қазақстанның экономикалық өсу серпініндегі және демографиялық әлеуетіндегі айырмашылықтарға, өңірлік еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігіне байланысты. Беларусь, Қазақстан және Ресей елдерінің бірыңғай экономикалық кеңістігінің қалыптасуы еңбек мигранттары санының өсуіне ықпал етті. Сондықтан Қазақстанда көші-қон саясатының 2017–2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып, Көші-қон саясатының 2017–2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалды [4].

Қазақстан Республикасы Халықтың көші-қоны туралы заңы қабылданған болатын. Бұл заңда еліміздегі халық көші-қонын реттейтін тетіктер көрсетілді, көші-қон үрдістері құқық-

тық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан нақтыланды, тарихи отанына қайтып көшіп келген оралмандар мен олардың отбасылары үшін қажетті тұрмыс жағдайы жасалу керектігі айтылды [7].


Қазақстанға еңбек көші-қоны екі нысанда жүреді: шетелдік жұмыс күшін ресми тарту және стихиялық еңбек иммиграциясы, негізінен Орталық Азия және Ресей елдерінен. Көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі ауыл шаруашылығында, құрылыста және қызмет көрсету саласында шоғырланған. Елге реттелмейтін еңбек көші-қонын тарту, ең алдымен, мигранттар ұсынатын қызметтер құнының төмендігімен байланысты, әлеуметтік пакеттер мен басқа шарттардың болмауы.

Жастардың нақты көші-қон ниеті бар, жастардың едәуір бөлігі жақын арада басқа елге көшуге ынталы. Егер бұл ниеттер іске асырылса, республикаға еңбекке қабілетті жас халықтың кету қарқынының артуы қауіп төндіреді. Бұл құбылыс бірқатар жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін, соның ішінде еңбек нарығында жұмыс күшінің жетіспеушілігі, туу деңгейінің төмендеуі және халықтың қартаюуы, бұл мәселені әрі қарай зерттеу және мемлекет тарапынан бірқатар шаралар алынуы қажет деп ойлаймыз.

Талқылаулар

2017 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сүйенетін болсақ, жастардың көші-қон көңіл күйіне назар аудару керек. Бұл зерттеуден респонденттердің қандай елге көшіп барып, тұрғысы келетіндігі анықталды. Сұрау нәтижесі бойынша алдыңғы орында Ресей (28,8%), кетушілердің көбісі Ресей еліне көшкісі келеді. Екінші көшкісі келетін ел – Америка Құрама Штаттары (23,4%). Үшінші орында Еуропа елдері, сұрау жүргізілген респонденттердің 11,7%-ы Еуропа елдеріне көшкісі келеді. Бұл елдермен қатар Қытайға (5,9%), Түркияға (4,6%), Оңтүстік Кореяға (3,1%) көшкісі келетін жастар бар екен [8].

Жалпы 2012 жылдан бастап Қазақстанда елден кеткен азаматтардың саны біртіндеп артып отырған. 2015 жылы 485 831 адамның ішінде жұмысқа жарамдысы 364 094 адам болса, 2020 жылы елден кеткен жалпы халық саны 1 155 477 адам, жұмысқа жарамдысы 749 051 адам. Яғни халық көші-қоны шамамен соңғы 5 жылда 100%-ға артқан. Әрине жалақы көлемі бойынша елеулі айырмашылықтар болғандықтан басқа елге барып еңбек етуге тура келеді. Қазақ азаматтарының басым бөлігі Ресейге кеткен. Мысалы, 2019 жылдың өзінде Ресейге 39 784 адам әр түрлі мақсатта барған. Қазақстанда өңдеуші өндіріс орындарының көлемі бойынша өзгеріс болмағандықтан аймақтар экономикасының тартымдылығы да азайған. Айта кету қажет, білім беру және денсаулық сақтау саласында мамандандырылған мамандар қажеттілігі артып отыр. Бірақ жалақының төмен болуына байланысты білікті мамандарымыздың шет аймақтарға кету санының артқандығын келесі 1-суреттен байқауға болады.




Сурет 1 – Мамандықтар бойынша 15 жастан асқан халықтың сыртқы көші-қоны, адам, 2019–2020 жыл

Ескертпе – [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылды.

Сыртқы көші-қонның басым бөлігі техникалық мамандықтар үлесінде. Техникалық мамандық иелерінің көші-қоны 947 адам, экономикалық мамандықтар 550 адам және медицина мамандары 306 адам немесе сәйкесінше 22,1%, 13% және 7,2% құраған [10]. 2019 жылмен салыстырғанда пандемия жағдайында 2020 жылы барлық мамандықтар бойынша 15 жастан асқан халықтың сыртқы көші-қоны екі есеге қысқарған.

Еңбек нарығындағы жастардың сыртқы көші-қонының барлық мамандықтарға жуық себептерінің бірі ретінде ғылыми әзірлемелерге және ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмсалатын шығынның өте аз болуын айтуға болады. 2010 жылдан бастап ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмсалатын шығындар ЖҰӨ-ң 0,2%-дан 0,1%-ға азайған. Сонымен қатар кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсайтын шығындары да 41%. Нәтижесінде, шикізаттық емес секторды жаңа инновациялармен қамтамасыз ету мүмкіндігі шектеулі болып отыр. Экономиканың шикізаттық емес секторы еңбекке қабілетті жастарды жұмыспен қамтып отыр, алайда жұмыспен қамту сапасы төмен. Мемлекеттен ғылыми зерттеу жұмыстарына бөлінетін шығын төмен болғандықтан сұранысқа және сапасына сай өнімдер өндірісінің көлемі де аз болады. Сондай-ақ жасанды интеллект, роботизация қолданысының жетілуіне қарамастан көптеген дамушы және дамыған елдер арзан еңбек ресурстарын тартуға жұмыстанады. Нәтижесінде сыртқы нарықты еңбек ресурсына деген сұраныстың болуынан еліміздегі қалған еңбек ресурстарының сапасы төмендей береді. Зерттеулерге сәйкес, алдағы 10–20 жылда еңбек нарығында бүгіндегі мамандықтардың жартысына жуығы жойылады. «Елімізге болашақ экономика сұранысына сәйкес отандық білім беруді жаңғыртып, цифрландыру талаптарына сай мамандарды даярлау керек болады», – деп ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, алдағы уақытта еңбек нарығындағы сұраныс бар мамандарды даярлау қажеттігі туындайды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің алдына қойған мемлекеттік Жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыру бойынша жеті міндеттердің бірі ел экономикасын білікті кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады. Халық саны 2025 жылға қарай 19,8 млн адамға дейін өседі деп болжануда, жұмыс күші 9,8 млн адамды құрайды.



Сурет 2 – Жастардың көші-қоны (14–28 жас аралығы), адам

Ескертпе – [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылды.

2015 жылы 14–28 жас аралығындағы 7250 адам, 2016 жылы 8249 адам, 2017 жылы 7988 адам, 2018 жылы 8859 адам, 2019 жылы 8957 адам ТМД және басқа елдерге жұмыс, оқу және емделу мақсатында көшіп кеткен (2-сурет).

Пандемия Қазақстан ішіндегі көші-қон процестеріне әсер етті. Бір өңірден екінші өңірге көшетін қазақстандықтардың саны 2020 жылы 20%-ға азайды. Одан да көп – 26%-ға өз облысы шегінде тұрғылықты жерін ауыстыратын ауыл тұрғындарының, қала тұрғындарының саны қысқарды.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының әдіснамасына сәйкес ішкі көші-қон өңіраралық және өңірлік болып бөлінеді. Бірінші бөлім бойынша ақпарат көрсеткендей, өткен жылы бір өңірден екінші өңірге 343 мың адам көшіп келген. 2019 жылы бұл көрсеткіш жоғары болды – 431 мың азамат. Ішкі көшіп-қонушылардың 86%-ы – қазақтар.

Кесте 1 – Қазақстанның жастары көші-қонының тұрақтылығын PEST-талдау

| | Еңбекке қабілетті жастардың елден кетуге итермелейтін факторлары | Еңбекке қабілетті жастардың шетелге орналасу себептері |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Саяси факторлар | <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттің барлық деңгейлеріндегі бюрократия; - еңбек ресурстарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың аздығы; - адам ресурсын қорғау бойынша қауіпсіздік деңгейінің төмен болуы. | <ul style="list-style-type: none"> - жергілікті халықтың мемлекетті басқару ісіне араласу мүмкіндігінің болуы; - адам құқын қорғау заңдарының сақталуы. |
| Экономикалық факторлар | <ul style="list-style-type: none"> - елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, әлсіз экономика, экономикалық перспективалардың көп жағдайда негізсіз болуы; - жалақы көлемінің аз болуы (баспанаға ие болу мүмкіндігінің аз болуы, бала оқыту және т.с.с.) | <ul style="list-style-type: none"> - экономикасы дамыған, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары деңгейі; - өмір сүрудің жоғары стандарттары, тұрмыстық жағдайдың жоғары болу мүмкіндігінің болуы; - әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық; - жалақы көлемінің жеткілікті деңгейде төленуі; - әділ бәсеке, бизнесті дамыту мүмкіндігі. |
| Әлеуметтік факторлар | <ul style="list-style-type: none"> - адам капиталы сапасының нашарлауы, жергілікті тұрғындар мәдениетінің төмен болуы, білім деңгейінің қанағаттандырылмауы, жоғары білікті мамандар көші-қонының күшеюі; - денсаулық сақтау және білім саласы бойынша қамтамасыз етудің әлсіз болуы; - өзін-өзі жетілдіру перспективасының болмауы; - еңбек нарығында сұранысқа ие болмау. | <ul style="list-style-type: none"> - жергілікті тұрғындар мәдениетінің жетілген болуы; - сапалы білім жүйесі, сапалы денсаулық сақтау жүйесі; - кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігінің кең болуы; - еңбек нарығында сұранысқа ие болуы; - өзін-өзі жетілдіру перспективасы бар. |
| Техникалық факторлар | <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми кадрларды дамыту деңгейінің төмендігі; - елдің немесе аймақтық экологиялық жағдайының нашарлауы. | <ul style="list-style-type: none"> - бәсекелі ортада кәсіби даму, мансаптық өсу мүмкіндігінің кең болуы; - еңбек ресурстарының өмір сүру жағдайына ыңғайландырылған дамыған инфрақұрылым; - ғылымның жоғары деңгейде дамуы; - қолайлы экология. |

Басқа өңірлерден көшетіндердің жартысынан көбі (52%) тұрақты тұруға ірі қалалар – Алматы (72,7 мың), Нұр-Сұлтан (66,5 мың), Шымкент (39,4 мың) келеді. Осы мегаполистердің әрқайсысына мигранттар ағыны 2020 жылы 12–22%-ға азайды. Ең үлкен минус (22%) – елордада [11].

Еңбек ресурстарының қозғалыс нәтижелері зияткер, кәсіби әлеуеттің қалыптасуына, еңбек нарығының конъюнктурасына және жалақы мөлшерінің бекітілуіне әсер етеді. Жұмыс күші көші-қоны күшейгенде бір елде немесе өңірде экономикалық белсенді халық үлесі артса, екінші аймақта керісінше кемиді де еңбек ресурстарының сапасы елеулі өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Қазақстанның жастары көші-қонының тұрақтылығын PEST-талдау 1-кестеде берілді.

Жастар көші-қоны оң нәтижелермен қатар теріс нәтижелер беруі де мүмкін. Оң нәтиже ретінде келесілерді атауға болады:

- ♦ біліктілік деңгейінің және кәсіби білім көлемінің артуы, жаңа тәжірибе және технологияларды игеру;
 - ♦ кәсіби қауымдастықта тұрақты байланыстардың қалыптасуы;
 - ♦ жастардың көзқарасының кеңеюі және заманауи жағдайлардың болашағын болжау мүмкіндігіне ие болу;
 - ♦ білім және технология ағымына мүмкіндік беретін халықаралық іскерлік қатынастардың дамуы;
 - ♦ шетел тілін игеруі;
 - ♦ шетел мигранттары қызметінен қаржылық ағымның артуы;
 - ♦ мигранттың алған білімі негізінде елге оралған соң жеке бизнесті ашу мүмкіндігі.
- Аталған позитивті тұжырымдар егер көші-қон «қайтарымды» болса оң нәтиже береді.

Жастар көші-қонының теріс нәтижелері:

- ♦ еңбекке қабілетті біліктілігі жоғары адам ресурстарның азаюы. Нәтижесінде еңбек ресурстарының қартаюуы және елдің кәсіби әлеуетінің әлсіреуі;
- ♦ еңбек ресурстарының жалпы білім беру және кәсіби дайындығына жұмсалған шығындардың босқа жұмсалуы;
- ♦ келесі жас буынға тәлімгерлердің болмай қалу қаупі.

Елдегі өндіріс орындарының бірліктері азайған сайын жастар көші-қоны артып отыр. Аталған жағдайлардың кері әсері мемлекетіміздің ғылыми және өндірістік әлеуетін азайта отырып, сыртқы қауіп-қатерді арттырады.

Қазақстан жастарының көші-қон ағымының бағыттары:

- ♦ Тұрақты жұмысқа орналасу мақсатында көші-қон;
- ♦ Уақытша еңбек көші-қоны (жазғы демалыс мезгілінде);
- ♦ Білім алу мақсатындағы көші-қон;
- ♦ Тағылымдамадан өту мақсатындағы көші-қон.

Дамыған елдер нарығында білім алушыларды Work and travel USA, Srat Travel секілді уақытша жұмыспен қамту бағдарламалары кеңінен орын алған болатын. Аталған бағдарламалар негізінде жастар жұмыс жасауға барып, сол аймақтың экономикалық жағдайын игерген соң егер әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалыпты болса түбегейлі орналасуға тырысады. Сондай-ақ жастар шетел тілін үйрену мақсатында экскурсиялық аймақтарға гид ретінде жұмысқа орналасып, маусым барысында өздерін сынауға да тырысады [12].

Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік потенциалын сақтау бойынша саясаты екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: жастарды қолдау және білім беру мен еңбек көші-қонының қайтарымдылығын арттыру. Жастар көші-қоны республика аймақтарының экономикалық, демографиялық және технологиялық дамуына, адам капиталының сапасына әсер ететін маңызды факторлар қатарынан болып отыр [13].

Дуальды оқыту жүйесі бойынша кадрларды даярлауға қызметкерлердің төмен қызығушылығы сияқты бірқатар проблемалар бар, бұл білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды және олардың нарық қажеттіліктеріне сәйкестігін тежейді және қиындатады. Бұл процеске Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің білікті кадрлар даярлау жүйесінің пайда алушысы ретінде қатысуы өте маңызды. Нәтижесінде, жұмысқа орналасу және төмен жалақы проблемасына байланысты инженерлік-педагогикалық сектордың жоғары тиімді қызметкерлері қызмет көрсету және өндіріс саласына кетеді, ал кейбіреулері тіпті көңілі қалып, тұрғылықты жерін өзгертіп, басқа елден неғұрлым қолайлы және перспективалы өмір сүру жағдайларын, жұмыс іздейді.

Дегенмен мемлекет тарапынан әлі де жастар көші-қонын реттеуді жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Осы бағытта қабылданған стратегиялық құжаттарда бұл мәселе тыс қалып отыр. Айталық, 2016–2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік саясаттың тетіктерін айтпағанның өзінде көші-қон, зияткерлік көші-қон ұғымдары мүлдем қарастырылмаған.

Қазақстанда көші-қон мәселесімен негізінен екі мемлекеттік орган – Ішкі істер министрлігі (Қазақстан Республикасы миграциялық қызметі) мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (Еңбек, әлеуметтік қорғау және миграция комитеті) айналысады. Бұл органдардың атқаратын қызметтері көбіне шетелдік азаматтарға қатысты бағытталған. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты қоныс аударушылар мен шетел азаматтарын тарту және қолдау, азаматтардың осы санатына жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер беру арқылы халықтың өсуін арттыруға бағытталған. Халықтың санын Ұлттық және көші-қон саясатын әзірлеумен және қалыптастырумен, барлық көші-қон процестерін ведомствоаралық үйлестірумен және басқарумен нақты мемлекеттік орган айналысатындай атқарушы биліктің мемлекеттік органын құру не өкілеттіктерді қайта бөлу орынды болады. Сондай-ақ, Қазақстан азаматтарына, атап айтқанда, «жақсы өмір» іздеуде елден кететін жастарға тиісті назар аудару қажет.

Жастар жұмыссыздық проблемасын шешуде, олардың көші-қонын реттеуде нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламалары үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, елімізде бірқатар басқа да мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді, олардың аясында жұмыс орындары құрылады.

Қазақстанда сыртқы көші-қоны көрсеткіштеріне тоқталсақ, кеткендер саны жағынан көбіне басқа елдерге көшіп кеткендердің басым бөлігін қала тұрғындары алған, жалпы кеткендердің жалпы санындағы олардың алатын үлесі 86% құраған. Сыртқы көші-қон бойынша ең негізгі көшу себебі – басқа елде жұмыс табу мақсатында көшіп кеткен, яғни еңбек көші-қонының үлесі жоғары. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдерінің өз тарихи отанына оралуы, материалдық жағдайын жақсарту мақсатында, өзін-өз жетілдіру үшін тіл мәселесі мен ұлтаралық мәселелер жатады. Ал елдегі ішкі-көші қон бойынша қарастырсақ, ауылға көшіп келуге қарағанда қалаға көшіп қону көрсеткіші жоғары. Ішкі көші-қон себептерінен негізгілері мыналар: ауылдық жерлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қалаға қарағанда төмендігі, қаладан шалғай орналасу, ауылдық жерлерде жұмыстың болмауы мен инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы [14].

Қазақстандағы жастар еңбек нарығы: кім сұранысқа ие, ал кім шетте қалады деген сұраққа зерттеулер жүргізілуде, жастар еңбек нарығында бірқатар мәселелердің бар екендігі айтылып жүр [15]:

- ♦ білім беру мекемелері мен бизнес-секторларының өзара әсер ету тетіктерінің тиімділігін жоғарылату негізінде еңбек нарығындағы болжам жасау жүйесін жетілдіру мен кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру;
- ♦ жастар кәсіби бағдар жүйесін қайта қарау, елдегі немесе өңірдегі кәсіби қажеттілік туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін ақпараттық кеңістік ұйымдастырылуы керек;
- ♦ қысқа мерзімді кәсіби даярлау мен қайта даярлау тетіктерін дуальды оқыту моделін қолдану арқылы күшейту;
- ♦ тұрақты бизнес-процестерді құру тәжірибесі бар табысты кәсіпкерлерді тарту мүмкіндігімен жастар кәсіпкерлігінде тәлімгерлік бағдарламаларын әзірлеу;
- ♦ еңбек нарығы, жұмыссыздық, көші-қон мәселесіне қатысты қабылданған мемлекеттік бағдарламалар бойынша барынша жастарға назар аударылу керек.

Қорытынды

Сонымен қорытындылайтын болсақ, қазір еліміздің еңбек нарығында құрылымдық қайта құру жүріп жатыр – көптеген мамандықтар біртіндеп жойылып, жаңа мамандықтар пайда болуда. Қазақстандық білім беру жүйесі еңбек нарығының қажеттіліктеріне әрдайым жауап беруге үлгермейді, бұл бір салада еңбек ресурстарының артық болуын және екінші салада тапшылықты тудырады. Қазақстанда, бір жағынан артық еңбек ресурстарының болуы, екінші жағынан, елде шынымен де сапалы адами капитал жетіспейтіндігін көруге болады. ЕАО елдеріне кетуші қазақстандық еңбек мигранттарының саны 34 374 адамнан 111 874 адамға өскен.

Зерттеу барысында мына жағдайлар анықталды:

1) Қазақстанның ішкі көші-қон ағынын реттеуде оларды өңірлерге жіберудің мемлекет тарапынан ынталандыратын жүйесінің жоқтығы.

2) елдегі ішкі көші-қон жағдайын қажетті деңгейде есепке алудың жоқтығы.

3) әр түрлі сала қызметінде білікті жұмысшы кадрлардың кетуі, соның ішінде білімді де білікті жастардың шетелге кету үдерісінің өсуі және олардың қайтадан елге оралу ниетінің жоқтығы.

Жастарға Қазақстан еңбек нарығында ұсынатын мүмкіндіктер мен жағдайлар олардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін жеткіліксіз. Атап айтқанда, BRIF Research Group сауалнамасының мәліметтері бойынша, бүгінде жастар үшін материалдық игілікке қарағанда мансаптық өсу мен тәжірибе жинақтаудың құндылығы жоғары. Білімді жастар өзін-өзі жетілдіруді іздейді, олар үшін саяси құраушы соншалықты маңызды емес. Егер ол өзін-өзі жүзеге асыру үшін және еркіндік үшін жағдай жасай алмаса, онда өз дамуы үшін қолайлы жағдайлар іздеуде оқыған жағынан туған жеріне қайтып келмеу немесе еңбек көші-қонының тәуекелі жоғары.

Сондықтан Қазақстан өңірлеріндегі ішкі көші-қон үдерісін реттеп, мемлекет тарапынан экономикалық өсу өңірлеріне жіберуді ынталандыру, оны әрдайым жетілдіріп отыру, елдегі көші-қон саясатын әлемдік тәжірибелерді, демографиялық қажеттілікті және еңбек нарығы сұранысын ескере отырып жетілдіру, жастар көші-қонына мемлекет тарапынан назар аудару, жастардың жұмыспен қамтылуына, жастардың мансаптық өсуіне жағдай жасалуы қажет деп ойлаймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2020–2021 жылдарға ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруы бойынша орындалды. (Грант №АР08956950 «Қазақстан Республикасында белгісіздік жағдайындағы жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру»).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Westin Ch. Young People of Migrant Origin in Sweden // International Migration Review // URL: <https://doi.org/10.1111/j.1747-7379.2003.tb00167.x>

2 George Groenewold, Helga A.G. De Valk, Acculturation style, transnational behaviour, and return-migration intentions of the Turkish second generation: Exploring linkages, Demographic Research, 10.4054 / DemRes. 2017.37.53,37,(1707-1734),(2017).

3 Huriye Aygören, Monika Wilińska. People like us: experiencing difference in the working life of immigrant women, Equality, Diversity and Inclusion: An International Journal, 10.1108 / EDI-07-2012-0062,32,6, (575-591) (2013).

4 Abdurakhmanov K.K., Mukhitdinov E.M., Grishin V.I., Abdurakhmanova G.K., Kuchkarov G.F. Labor Migration of the Population and Evaluation of Supply Chain on the labor market // Int. J Sup. Chain. Mgt. Vol. 8, No. 2, April 2019. – P. 896–907.

5 Emotional distress in young adults during the COVID-19 pandemic: evidence of risk and resilience from a longitudinal cohort study.

6 Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017–2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы // [Электронды ресурс]: <https://www.enbek.gov.kz/kk/node/345461>

7 Қазақстан Республикасы Халықтың көші-қоны туралы заңы // [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z11000000477>

8 Сыдыкназаров М., Каржаубай Ж., Каржаубай А. Трудовая миграция молодежи Казахстана: современное состояние и перспективы // Казахстан-Спектр. Научный журнал. – 2019. – № 1(87). – С. 24–36.

9 Негізгі көрсеткіштер серпіні [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [web-сайт]. URL: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (қарау уақыты: 20.09.2020).

10 Курманбеков А. Рынок труда Казахстана – сдержанный рост // Обзор рынка труда Казахстана. Апрель 2019. URL: halykfinance.kz/download/files/company-documents/research/labour2019.pdf. (дата обращения: октябрь 2020 (in Russian) (электронный ресурс)).

11 Осипова И.В. Казахстане значительно сократилась внутренняя миграция // Курсив – бизнес новости Казахстана (kursiv.kz // <https://kursiv.kz/>) (дата обращения: 11.03.2021 (in Russian) (электронный ресурс).

12 Внешняя молодежная миграция в странах Центральной Азии: анализ рисков и минимизация негативных последствий // URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru.pdf (дата обращения: ноябрь 2020 (in Russian) (электронный ресурс).

13 Бокаев Б., Тулеубаева А. Миграция молодежи в Казахстане в контексте развития интеллектуального потенциала: корреляционный анализ // Экономика и статистика. – 2019. – № 2. – С. 120–125.

14 Сабирова Р.К., Муфтигалиева А.А., Куангалиева Т.К., Бисембиева Ж.К. Цифрлық экономиканың дамуындағы Қазақстан көші-қонының заманауи жағдайы // «Туран» Жаршысы. Ғылыми журнал. – 2020. – № 3 (87). – Б. 67–74.

15 Альшанская А. Проблемы трудоустройства молодежи на рынке труда в Казахстане. – Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020. – 100 с.

REFERENCES

1 Westin Ch. Young People of Migrant Origin in Sweden // International Migration Review // <https://doi.org/10.1111/j.1747-7379.2003.tb00167.x>

2 George Groenewold, Helga A.G. De Valk, Acculturation style, transnational behaviour, and return-migration intentions of the Turkish second generation: Exploring linkages, Demographic Research, 10.4054 / DemRes.2017.37.53, 37, (1707-1734), (2017).

3 Huriye Aygören, Monika Wilińska. People like us: experiencing difference in the working life of immigrant women, Equality, Diversity and Inclusion: An International Journal, 10.1108 / EDI-07-2012-0062, 32, 6, (575-591) (2013).

4 Abdurakhmanov K.K., Mukhitdinov E.M., Grishin V.I., Abdurakhmanova G.K., Kuchkarov G.F. (2019) Labor Migration of the Population and Evaluation of Supply Chain on the labor market // Int. J Sup. Chain. Mgt. Vol. 8, No. 2, April, pp. 896–907.

5 Emotional distress in young adults during the COVID-19 pandemic: evidence of risk and resilience from a longitudinal cohort study.

6 Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017–2021 жылдарға арналған тұздырымдамасы // [Jelektrondy resurs]: <https://www.enbek.gov.kz/kk/node/345461>

7 Қазақстан Республикасы Халықтың көші-қоны туралы заңы // [Jelektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477>

8 Sydyknazarov M., Karzhaubaj Zh., Karzhaubaj A. (2019) Trudovaja migracija molodezhi Kazahstana: sovremennoe sostojanie i perspektivy // Kazakhstan-Spektr. Nauchnyj zhurnal, № 1(87), pp. 24–36.

9 Negizgi kersetkishter serpini [Jelektrondy resurs] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық зһоспарлау зһәне reformalar agenttiginің Ылтық статистика бжurosы [web-sajt]. URL: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (қарау уақыты: 20.09.2020).

10 Kurmanbekov A. Rynok truda Kazahstana – sderzhannyj rost // Obzor rynka truda Kazahstana. Aprel' 2019. URL: halykfinance.kz/download/files/company-documents/research/labour2019.pdf. (data obrashhenija: oktjabr' 2020 (in Russian) (jelektronnyj resurs).

11 Osipova I.V. Kazahstane znachitel'no sokratilas' vnutrennjaja migracija // Kursiv – biznes novosti Kazahstana (kursiv.kz // <https://kursiv.kz/>) (data obrashhenija: 11.03.2021 (in Russian) (jelektronnyj resurs).

12 Vneshnjaja molodezhnaja migracija v stranah Central'noj Azii: analiz riskov i minimizacija negativnyh posledstvij // URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru.pdf (data obrashhenija: nojabr' 2020 (in Russian) (jelektronnyj resurs).

13 Bokaev B., Tuleubaeva A. (2019) Migracija molodezhi v Kazahstane v kontekste razvitija intellektual'nogo potenciala: korrelyacionnyj analiz // J ekonomika i statistika, No. 2, pp. 120–125.

14 Sabirova R.K., Muftigalieva A.A., Kuangalieva T.K., Bisembieva Zh.K. (2020) Cifrlyk jekonomikanyң damuыndary Қазақстан көші-қонының заманауи зһардајы // «Turan» Zharshysy. Fylymi zhurnal, No. 3(87), pp. 67–74.

15 Al'shanskaja A. Problemy trudoustrojstva molodezhi na rynke truda v Kazahstane. Nur-Sultan: Kazahstanskij institut strategicheskikh issledovanij pri Prezidente Respubliki Kazahstan, 2020, 100 p.

Р.К. САБИРОВА,^{1*}

ассоциированный профессор, к.э.н.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

А.А. МУСАЕВА,¹

ст. преподаватель, к.э.н.

e-mail: a.musayeva@asu.edu.kz

А.Р. ТАЖИДЕНОВА,¹

магистр, ст. преподаватель.

e-mail: ainuna@mail.ru

¹НАО «Атырауский университет

им. Х. Досмухамедова», Казахстан, г. Атырау,

ПРОБЛЕМА ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Цель исследования – проанализировать проблемы трудовой миграции молодежи в Казахстане. В статье выявлены основные причины трудовой миграции молодежи в другие страны, обосновано, что в совершенствовании рынка труда молодежи проблема трудовой миграции молодежи не должна оставаться без внимания государства. Информационный источник исследования был взят за основу в ходе анализа данных Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Для решения поставленных задач использовались системный и логический подходы, методы анализа, дедукции, индукции для формирования общего представления о состоянии миграции молодежи на казахстанском рынке труда. Рассмотрены категории миграции, ее экономическое содержание, что позволяет охарактеризовать сущность трудовой миграции. Научно-практическая значимость исследования состоит в том, что выводы, полученные в ходе исследования, применимы к проблеме трудовой миграции молодежи и ее решению, вносят весомый вклад в развитие экономики рынка труда. Проведен анализ проблем трудовой миграции молодежи в Казахстане, выявлены основные причины трудовой миграции молодежи в другие страны, предложена необходимость государственного решения проблемы трудовой миграции молодежи в совершенствовании молодежного рынка труда.

Ключевые слова: миграция, молодежь, рынок труда, виды миграции, государство, проблема, экономика.

R.K. SABIROVA,^{1*}

c.e.s., associate professor.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

A.A. MUSSAYEVA,¹

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: a.musayeva@asu.edu.kz

A.R. TAZHIDENOVA,¹

master, senior lecturer.

e-mail: ainuna@mail.ru

¹Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,

Kazakhstan, Atyrau

PROBLEM OF LABOR MIGRATION OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

Abstract

The purpose of the study is to analyze the issues of labor migration of young people in Kazakhstan. The article identifies the main causes of labor migration of young people to other countries, proves that improvements of the labor market of young people, the problem of labor migration of young people should not remain without the attention of the state. The information source of the study was taken as a basis for the analysis of data from the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. To solve the tasks, systematic and logical approaches, methods of analysis, deduction, and induction to form a general idea of the state of youth migration in the Kazakhstan labor market were used. The categories of migration and its economic content are considered, which allows to characterize the essence of labor migration. The scientific and practical significance of the study is that the conclusions obtained in the course of the study are applicable to the problem of labor migration of young people and its solution, make a significant contribution to the development of the labor market economy. The article analyzes the problems of youth labor migration in Kazakhstan, identifies the main causes of youth labor migration to other countries, and suggests the need for a state solution to the problem of youth labor migration in improving the youth labor market.

Key words: migration, youth, labor market, types of migration, state, problem, economy.